

**IV сайланған Алматы қаласы мәслихаты XXXXX сессиясының "Алматы қаласы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалары туралы" 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 491 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Алматы қаласы мәслихатының 2016 жылғы 11 наурыздағы № 418 шешімі. Алматы қаласының Әділет департаментінде 2016 жылғы 08 сәуірде № 1272 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 108 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 15.04.2024 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.*

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 43-1 бабына сәйкес V сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. IV сайланған Алматы қаласы мәслихаты XXXXX сессиясының "Алматы қаласы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалары туралы" 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 491 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 914 болып тіркелген, "Алматы ақшамы" газетінің 2011 жылғы 31 желтоқсандағы № 159 және "Вечерний Алматы" газетінің 2011 жылғы 31 желтоқсандағы № 161 сандарында жарияланған), V сайланған Алматы қаласы мәслихаты XI сессиясының 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №77 "IV сайланған Алматы қаласы мәслихаты XXXXX сессиясының "Алматы қаласы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалары туралы" 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 491 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімімен енгізілген өзгерістерімен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 962 болып тіркелген, "Алматы ақшамы" газетінің 2013 жылғы 12 қаңтардағы № 5 және "Вечерний Алматы" газетінің 2013 жылғы 12 қаңтардағы № 4 сандарында жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Алматы қаласы мәслихатының аппараты осы шешімнің интернет - ресурста орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының қала құрылысы, көріктендіру және коммуналдық меншік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Б. Шинге және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е. Әукеновке (келісім бойынша) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

V сайланған

Алматы қаласы мәслихаты

LI сессиясының төрағасы

Ә. Нәбиев

V сайланған

Алматы қаласы мәслихатының

хатшысы

Қ. Қазанбаев

V сайланған Алматы қаласы  
мәслихаты LI сессиясының  
2016 жылғы 11 наурыздағы  
№ 418 шешіміне  
қосымша

IV сайланған Алматы қаласы  
мәслихаты XXXXX сессиясының  
2011 жылғы 7 желтоқсандағы  
№ 491 шешіміне  
қосымша

### Алматы қаласы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы мөлшерлемелері

1. Тұрақты көздерден ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

| № р/с | Ластағыш заттардың түрлері     | 1 тонна үшін төлемақы мөлшерлемелері, (АЕК) | 1 килограмм үшін төлемақы мөлшерлемелері, (АЕК) |
|-------|--------------------------------|---|---|
| 1     | 2                              | 3   | 4   |
| 1.    | Күкірт тотықтары               | 20  |   |
| 2.    | Азот тотықтары                 | 20  |   |
| 3.    | Шаң және күл                   | 10  |   |
| 4.    | Қорғасын және оның қосындылары | 3986  |   |
| 5.    | Күкіртсутек                    | 124   |   |
| 6.    | Фенолдар                       | 332   |   |
| 7.    | Көмірсутектер                  | 0,32  |   |
| 8.    | Формальдегид                   | 332   |   |
| 9.    | Көміртегі тотықтары            | 0,32  |   |
|       |                                |   |   |

|     |                    |      |       |
|-----|--------------------|------|-------|
| 10. | Метан              | 0,02 |       |
| 11. | Күйе               | 24   |       |
| 12. | Темір тотықтары    | 30   |       |
| 13. | Аммиак             | 24   |       |
| 14. | Алты валентті хром | 798  |       |
| 15. | Мыс тотықтары      | 598  |       |
| 16. | Бенз(а)пирен       |      | 996,6 |

2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын алауларда ілеспе және (немесе) табиғи газды жағудан ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды :

| № р/с | Ластағыш заттардың түрлері | 1 тонна үшін төлемақы мөлшерлемелері (АЕК) |
|-------|----------------------------|--|
| 1     | 2                          | 3  |
| 1.    | Көмірсутектер              | 2,23                                       |
| 2.    | Көміртегі тотықтары        | 0,73                                       |
| 3.    | Метан                      | 0,04                                       |
| 4.    | Күкірт диоксиды            | 10   |
| 5.    | Азот диоксиды              | 10   |
| 6.    | Күл                        | 12   |
| 7.    | Күкіртті сутегі            | 62   |
| 8.    | Меркаптан                  | 9966                                       |

3. Қозғалмалы көздерден атмосфералық ауаға ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

| № р/с | Отын түрлері                           | Пайдаланылған отынның 1 тоннасы үшін мөлшерлемелері, (АЕК) |
|-------|--|--|
| 1     | 2                                      | 3  |
| 1.    | Этилденбеген бензин үшін               | 0,66   |
| 2.    | Дизель отыны үшін                      | 0,9  |
| 3.    | Сұйытылған, сығылған газ, керосин үшін | 0,24   |

4. Ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

| № р/с | Ластағыш заттардың түрлері | 1 тонна үшін төлемақы мөлшерлемелері, (АЕК) |
|-------|----------------------------|---|
| 1     | 2                          | 3   |
| 1.    | Нитриттар                  | 1340  |
| 2.    | Мырыш                      | 2680  |

|     |                                      |       |
|-----|--------------------------------------|-------|
| 3.  | Мыс                                  | 26804 |
| 4.  | Оттегіне биологиялық сұраныс         | 8     |
| 5.  | Тұзды аммоний                        | 68    |
| 6.  | Мұнай өнімдері                       | 536   |
| 7.  | Нитраттар                            | 2     |
| 8.  | Жалпы темір                          | 268   |
| 9.  | Сульфаттар (анион)                   | 0,8   |
| 10. | Өлшенген заттар                      | 2     |
| 11. | Синтетикалық бетүсті-белсенді заттар | 54    |
| 12. | Хлоридтер (анион)                    | 0,2   |
| 13. | Алюминий                             | 54    |

5. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

| № р/с  | Қалдықтардың түрлері  | Төлемақы мөлшерлемелері (АЕК) |                             |
|--------|---|-------------------------------|-----------------------------|
|        |   | 1 тонна үшін                  | 1 гигабек-керель (Гбк) үшін |
| 1      | 2   | 3                             | 4                           |
| 1.     | Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде және арнайы бөлінген орындарда орналастырғаны үшін: |                               |                             |
| 1.1    | Коммуналдық қалдықтар (тұрмыстық қатты қалдықтар, тазарту құрылыстарының кәріздік тұнбасы)  | 0,38                          |                             |
| 1.2    | Осы тармақтың 1.3-жолында көрсетілген қалдықтарды қоспағанда, қауіптілік деңгейі ескеріле отырып, қалдықтар:                                |                               |                             |
| 1.2.1. | "қызыл" тізім   | 14                            |                             |
| 1.2.2. | "жақұт" тізім   | 8                             |                             |
| 1.2.3. | "жасыл" тізім   | 2                             |                             |
| 1.2.4. | сыныпталмағандар  | 0,9                           |                             |
| 1.3.   | Төлемақысы есептелген кезде белгіленген қауіптілік деңгейі ескерілмейтін қалдықтар:   |                               |                             |
|        |   |                               |                             |

|          |  |       |      |
|----------|--|-------|------|
| 1.3.1    | Тау-кен өндіру өнеркәсібінің және карьерлерді игеру қалдықтары (мұнай мен табиғи газды өндіруден басқа):   |       |      |
| 1.3.1.1. | аршынды жыныстар   | 0,004 |      |
| 1.3.1.2. | жанас таужыныстары   | 0,026 |      |
| 1.3.1.3. | байыту қалдықтары  | 0,02  |      |
| 1.3.1.4. | шлактар, шламдар   | 0,038 |      |
| 1.3.2.   | Құрамында пайдалы қазбалар бар кенді, концентраттарды, агломераттарды және шекемтастарды қайта өңдеу, қорытпалар мен металдар өндірісі кезінде металлургиялық қайта жасауда түзетілетін шлактар, шламдар | 0,038 |      |
| 1.3.3.   | күл мен күлшлактар   | 0,66  |      |
| 1.3.4.   | ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары, оның ішінде көң, құс саңғырығы  | 0,002 |      |
| 2.       | Радиоактивті қалдықтарды орналастырғаны үшін, гигабеккерельмен (Гбк):  |       |      |
| 2.1      | Трансуранды  |       | 0,76 |
| 2.2      | Альфа-радиоактивті   |       | 0,38 |
| 2.3      | Бета-радиоактивті  |       | 0,04 |
| 2.4      | Шынақты радиоактивті көздер  |       | 0,38 |